

**"Бородулиха ауданының аз қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарына) тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" 2010 жылғы 17 наурыздағы N 25-3-IV шешімге өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы мәслихатының 2011 жылғы 13 маусымдағы N 36-8-IV шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Бородулиха ауданындағы Әділет басқармасында 2011 жылғы 07 шілдеде N 5-8-134 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха аудандық мәслихатының 2012 жылғы 21 желтоқсандағы N 11-5-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха аудандық мәслихатының 2012.12.21 N 11-5-V шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңы 6-бабының 1-тармағы 15) тармақшасы, Қазақстан Республикасы 1997 жылғы 16 сәуірдегі «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 97-бабы, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Заңының 21-бабы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 «Тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы» қаулысына сәйкес Бородулиха аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. «Бородулиха ауданының аз қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарына) тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы» 2010 жылғы 17 наурыздағы № 25-3-IV (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2010 жылғы 15 сәуірде № 5-8-108 тіркелген, аудандық «Аудан тынысы» газетінің 2010 жылғы 23 сәуірдегі № 19 (6339) жарияланған) шешімге келесі өзгерістер енгізілсін:

Ереженің 2 бөлімі 6 тармақ 2 тармақшасының 1 абзацы келесі редакцияда ж а з ы л с ы н :

бірінші, екінші топтағы мүгедектер және 18 жасқа дейінгі мүгедек балалардың, сексен жастан аскандардың күтімімен айналысатындар;

Ереженің 5 бөлімдегі 22 тармағының:

1) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

жұмыс істемесе және алименттер төлеу бойынша қарыздары болса немесе тұрғылықты жері белгісіз болса;

2) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын: бас бостандығынан айыру орындарында немесе уақытша ұстау изоляторында болса;

3) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын: туберкулез, психоневрологиялық диспансерлерде (стационарларда), емделу-еңбек профилакторияларында (ЕЕП) емделіп жатса немесе есепте болса;

4) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын: Қазақстан Республикасымен тиісті келісімі жоқ мемлекеттерге үнемі тұруға кеткен жағдайларда.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*В. Лопатин*

*Аудандық мәслихат хатшысы*

*Б. Аргумбаев*